

Құрылыс материалдары өндірісі саласының 2022 жылғы қорытындылары

Саладағы өндіріс көлемі 1 133,4 млрд теңгені құрады, бұл, 2021 жылғы осы кезеңмен салыстырғанда **25,6% артық** (902,7 млрд теңге). Салада өсу отқа төзімді бұйымдар өндірісінің **245 мың тоннаға дейін 17,3%**, керамикалық отқа төзімді емес кірпіштер **1,5 млн куб.м. дейін 35%**, цемент клинкерлер **8,3 млн тоннаға дейін 13,6%**, гипс **210,9 мың тоннаға дейін 14,4%**, құрылыс ерітінділері **1,6 млн тоннаға дейін 6,8% өсуі есебінен қол жеткізілді.**

Құрылыс жұмыстарының **6 255,9 млрд. тг. дейін 9,4%** арттыру өндірістің өсуінің негізгі драйвері болып отыр.

Сондай-ақ, тұрғын үй құрылысына **инвестициялар** құрылыс материалдарының өндірісі көлемінің өсуін әлеуетті ынталандырушы болып табылатындығын атап өткен жөн.

Қарастырылған кезеңде тұрғын үй құрылысына сомасы **2 902,2 млрд теңге** инвестиция құйылды, бұл, 2021 жылғы қаңтар-желтоқсанмен салыстырғанда **16,8% артық.**

2022 ж. қаңтар-желтоқсан **отандық өндіріс үлесі 64%** құрап, **3 503,4 млн АҚШ долл.** (1 613,3 млрд теңге) дейін ішкі тұтыну нарығымен **1-т. өсті**

2022 ж.ең жоғары көлем әдеттегідей Астана қаласында (жалпы өндіріс көлемінде с долей региона 16,6% өңір үлесімен), Абай облысында (9,1%) және Шымкент қаласында (8,9%).

Құрылыс материалдары **экспортының көлемі** 2022 жылғы қаңтар-желтоқсанда **207,5 млн АҚШ долл.** құрады (2021 ж. 12 аймен салыстырғанда +7,7%). Экспорттың негізгі баптары төмендегі тауарлар: портландцемент (54,5 млн АҚШ долл.), отқа төзімді цемент (31,3 млн АҚШ долл.), полиуретаннан жасалған тақталар, табақтар, таспалар (15,6 млн АҚШ долл.), қабатталған вермикулит (14,3 млн АҚШ долл.), керамикалық тақтай (13,5 млн АҚШ долл.) және т.б.

Құрылыс материалдарының негізгі көлемі (54%), Өзбекстанға (20%) және Қырғызстанға (15%) экспортталды және т.б.

Саланың **негізгі капиталға инвестиция көлемі** өткен жылғы көрсеткішпен (134,7 млрд тг.) салыстырғанда **20,2% өсіп, 161,9 млрд теңгені** құрады.

Қарастырылған кезеңде төмендегі жобалар енгізілгендігін атап өткен жөн:

Ақмола облысында кірпіш зауытының құрылысы «SG Brick» ЖШС;

Жамбыл облысында өндірісті алаңды кеңейту және жаңғырту «Alina Group» ЖШС; Ақмола облысында «SG Beton» ЖШС ТББ өндіру; темір бетон және бетон бұйымдарын өндіру, Астана қ. «ДСК GLB» ЖШС құрастырылымдар өндіру зауытының құрылысы.

Мемлекеттік бағдарламалар шеңберінде құрылыс жұмыстарын ұлғайту және 2025 ж. дейін тұрғын үйді пайдалануға берудің жоспарланған көлемі (68 млн.ш. м) салада өндіріс көлемінің оң динамикасын ынталандырушы болады.